

FTAMP 82.78.01

Т. Торткүлбаева (orcid-0000-0002-9585-1574)

*филология ғылымдарының докторы, доцент.*  
Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, Нөкіс қ.,  
Қарақалпақстан Республикасы  
e-mail: [ttabdigaziqizi@mail.ru](mailto:ttabdigaziqizi@mail.ru)

### ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДЫҚ ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Аңдатпа.** XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қарақалпақ аймағында шығармашылығы, жыршы-жыраулығымен танылған сөз шеберлері баршылық болды. Ақын, жырау, жыршы, қиссахандалар төл әдебиетіміздің сөз өнерлерін ауызша, жазбаша шығарумен бірге насихаттап, дамытып отырды. Олар терме, толғау, шежіре, айтыстарды түрлендіріп жырлау арқылы өзіндік ерекшелік танытты.

**Тірек сөздер:** ақын, жырау, сөз шеберлері, терме, толғау, айтыс, жанр, насихаттау, әдебиет.

**Кіріспе.** Қазақ халқы сөз өнерін өмір босағасына келгенінен дамытқан талант иесі. Онда мінезі, халықтық салты, рухани биіктігі, өрлігі, ерлігі, арманы, қайғысы, қуанышы, тәлімгерлігі, қуанышы, шаттығы, мұңы, шері, қалыпты дағдылары бар. Олар поэзия тармақтарында, ақындардың ой орамында ғасырлардан-ғасырларға ауысып, дәуірлік, қоғамдық ой-санаға сәйкес жетіліп, өткенімізді еске ғибратты, қонымды жеткеріп, өзімізбен бірге дамытылып келеді. Сөйтіп, әдеби мұралы халық екенімізді тарих сахнасында көрсетіп, дәлелдеп келеді.

Зерттеуші Т.Тебегенов: «Халық ақындары – ұлттық сөз өнері мұраларын жасаушылар және өздерінен кейінгі әдеби даму жолыма ұластырушы сақтаушылар» [1,3], – деген. Әрине, халықтың ой түйінін бірден-бірге жеткерушілер, ұжымдық қазынадан дербестік қазына жасаған ақындар. Дербестік қазынамен халықтық шығармашылықты молықтырған. Екі аралықты байланыстырушы бола біліп, әдеби процесті қозғалысқа кіргізген, өнер араларын жалғастырған. Демек, әдеби процесс авторлық иеліктегі туындылар арқылы ғана жүзеге асатын шығармашылық даму қозғалысы [1, 45]. Даму арқылы авторлық тұлға сөз өнерінде бой тіктейді. Олар жанрлар жүйесі арқылы сөз өнерін жасайды, өркендетеді, қоғамдық сапа мен қоғамдық ортаға сәйкестерін сақтайды, оған жауап бере алмайтындарын шығармашылығы мен репертуарынан шығарып тастайды.

Академик З.Қабдолов «Халық өмірінің өзі, оның тарихи тағдырлары, оқиғалар мен құбылыстар, қайшылықтар мен тартыстар, қоғамдық қарым-Қатынастар мен қарама-қарсылықтар, адамның рухани бітімі, моральдық кескіні, қысқасы, ақиқат шындықтың алуан-алуан саласы әдебиеттің тегін туғызады, қалыптастырады» [2, 291-292] – деп, тектің туындауына байлам жасайды. Ал, «...Әр жанрдың әдеби түр ретінде тууы мен дамуының негізінде мазмұнның ұлан-ғайыр құбылулары – пайда болуы, өзгеруі, өсуі, өтуі жатыр» [2, 292]. «Әрбір әдеби шығарма – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі» [2, 293]. «Жанр – даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи Дәуір әр түрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді.

Мұндай ерекшеліктер, бір жағынан, әр әдебиеттің ұлттық сыр-сипатымен тығыз байланыста болса, екінші жағынан, әр жазушының әлеуметтік орта мен әдеби процестегі атқарар роліне, алар орнына байланысты» [2,294] өркен жайып отырады.

Зерттеуші Б.Омарұлы «Өлең сөздің құдіреті оның өміршеңдігінде. Ескі заманнан бүгінге дейін жеткен рухани мұралар құны кемімей, сыны бұзылмай сақталса, шын шебердің өлмейтін өнер, өшпейтін із қалдырғанының белгісі» [3,291]– деп, сөз өнері құдіретін атап өтеді. Ғалым түйіндегендей ой дүниесі, сөз құдіреті, өнер туындысы қарақалпақ аймағында жасаған қазақ ақындары шығармашылығы, жасаған ортасының өмір шындығымен көмкерілген. Олар «халықтың мақсат-мүддесімен, арман-мұратымен өзектес асыл қазынамыз ғана емес, дәуірдің дидарын, уақыттың ақиқатын, қазақтың шерлі шежіресін көркем кестелеген», [3, 291-292] туындыларды шығарған. Ақындық өнерімен бірге туысқан қарақалпақ, өзбек халықтары арасында туған халқының, елінің сөз қазынасын насихаттаған, сәуірдің желіндей өнер туындыларын жергілікті халықтар арасына сіңіріп отырған.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.**Әрбір ұлт – ұлттық сөз өнерінсіз өмір сүрмейді. Сөз өнері – әрқандай ұлттың өмір өзегі, ұлттық көрінісі. Қарақалпақ аймағында XVI ғасырдан қарақалпақ, өзбек, түркімен халықтарымен аралас жасаған қазақтар өзге халықтардың әдебиетінде жасалған інжу-маржандарын жатсынбады, оларды жан-жүрегімен, ойлы сөздерін ой өзегіне қабылдады, әрі төл әдебиетін олармен жарыса дамытты. Ұлттық сөз өнерін, тілін сақтауға тырысты.

Қазақ әдебиетінің тарихын құрайтын негізгі арна халық ақындарының поэзиясы бүгінгі уақытқа дейінгі қуатты, ағынды өзендей, бүгіннен асып болашаққа жететін ең өміршеңдігін байқатып отыр [1, 7]. Ақындар тақырыптық, жанрлық аясында талантын танытты. Тақырып, жанр ақынның кемелдену биігі. Тақырып, жанр халық қауымының ақынға қояр талабы да болды. Тақырып – дәуір, ортасын, қоғамдық сананы да көрсететін өлшем. Ақын өзінің өмірі ортасынан, адамзаттың тарихи дамуынан, халықтың көңіл-күйінен, сезімімен тақырыбын табады. Тақырыптар жанр аясында сәулеленеді. «Сонда біз жанр жайын байыптауға әншейін пішін тұрғысынан емес, мазмұн тұрғысынан келеміз де, сыртқы белгілері мен өзгешеліктерін жіпке тізін тынбай, оның ішкі даму заңдылығының тарихын талдап, тексеретін боламыз» [2, 292].

**Зерттеу нәтижелері.**Қарақалпақ аймағына сөз өнерін таныта білген ақын, жырау, жыршы, қиссаханнар шығармашылығын ауызша да, жазбаша да шығарған, әрі сол негізде шыққан өнер туындыларын халық арасына тарата білген.

**Ғылыми нәтижелерді талқылау.**XIX ғасырдың екінші жартысынан елге шығармашылығы, жыршы-жыраулығы танылған есімдер осы аймақта баршылық. Қарақалпақ жыраулық мектебінің ірі ұстазы Нұрабылла (1862-1926) жыраумен шығармашылық байланыста және тағдырлас өсіп, туыс болған Қарасай Қалиұлы (1848-1926) антқан достық, өсиеттік термелері, Лепестің (1861-1227) туған елді аңсап еске алған әндері, Ережел Тілеумағамбетұлы Аманжолов (1890-1963) «нұсқасыз сөзім жоқ еді» – деп, айтатын топтама толғау, терме өлеңдері де терме жанрын дәуірге, өскен ортасы талабына ыңғайлы шығарылғанымен құнды. Ал, туған елден бөлінген, отарлық күннің күштілігі» көрсеткен Ақпан Әйтпекұлының (1837-1874), «орыста» қысым көрген соң, үдере көшіп барамын, ауыздықпен атты

суарып» – деген сөзі әділетсіздік күнді көрсетеді. Туған ел, туған жер – азамат бесігі, айбарлы қорғаны. Одан кету, көз жазып қалу элегиялық сезімді оятады. Ақпан:

Асу-асу белдерден,  
Қайта айналып келгенше,  
Сіздерді аман көргенше,  
Хош аман бол жерлерім, – деп толғанған.

Ақпанның «Ақпан жыраудың Хорезмге келген соң айтқаны» деген толғау-термесі бар. «Менің атым Ақпанды-ай, сөз сөйлеймін мақтанбай, ағалар сөйле дегенде, сөйлеуші едік тоқталмай» – деп, шалқып алады да:

Бес қалаға келген соң,  
Қызыл шешек қаптады.  
Қырмызы қызыл мақпалдай,  
Өліп қала жаздадық,  
Алланың өзі сақтады-ай –

деп, өткені мен қазіргісін салыстыра баяндаған. Ақпан өлең тармақтарында отаршылыққа қарсы, ел еңсесін көтеретін тақырыпты алып, терме-толғау жанрының адам тағдырымен, оның сезім дүниесінің көрінісімен уақыт пен кеңістік орны дәлелденілген. Демек, дәуір тағдыры тақырып пен жанрдың айнасы болып қалмақ.

Терме сөздерінде адамгершілік, тәлімгерлік, сезімталдық, тәрбиелілік, имандылық, бір сөзділіктермен бірге достық, отаншылдық идеялары терме төрінде абыздығымен орын алады. Термелі сөз толғау ақындық өнеріне жат емес. Домбыра тарту, термелі сөздерді көпке қонымды әуенімен орындап жеткізу халық ақындарының бәріне ортақ өнер. Термелер арқылы түркі тілдес халықтар этнопедагогикалық, этнопсихологиялық, танымдық, азаматтық тәрбиені жан-жүрегіне қондырған. Бұл жайлы ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады» – деген. [4,138]. Сөз өнері – бүкіл халыққа тән байлық. Солай десек те әр халық сөз өнерінде өзін өрнектейді.

Өнердің өзі жаңа идея, жаңа пікірмен жаңаланып отыратын тағлым. Ақындар арман-аңсарын, шер-шеменің өлең өріміне орап айтып, көңіл күйін көпке сезімді жеткеруге қара өлеңді қалыптастырған. Қара өлеңдер ақындар поэзиясында терме-толғаулармен бірге қанаттанып өмір келбетін баяндауға олармен бірдей үн қосқан.

Зерттеуші А.Семдімбеков «Оңаша жүріп шер тарқатуға да, алқалы топтың ортасына өзінді таныстыруға да, ойын-тойда астарлы сезімге дәнекер болуға да қара өлең оңқай асықтай оңтайлы жанр» [5,25] – деп таниды. Ақындар қара өлеңмен асығына аңсарын, ата-ана айбары мен абзалдығын, туған елдің туының құламауын, өрімдей өрілген бала бақытын, тарихи трагедиялық хал-күйін, мұң-шерін т.б адамдық лирикалық сезімін өлең қатарларына түсірген. Жұмағали Сағынбаев (1876-1945):

Өзбек, түрікмен, қарақалпақ бауырым,  
Сенің ауылың менің туыс ауылым  
Сіздерменен бірге жасап, жасардым,  
Сіздер үшін айттым жырдың тәуірін –

деп, халықтық әдеби мұрамызбен үндестік табады. «Өмір құбылыстарына үн қосқыш икеммен, адам сезіміне етене жақын қарапайымдылығымен қара өлең уақытпен үндес жаңаша бір сапалық кезеңге тұяқ іліктіргендей» [5, 26] өмір туындысын, адам сезімін, ақындық пәк

көңілмен ой тербейді. Мұндай лирикалық ой сезімді «МЕН» арқылы термеде жеткізу қиындау. Демек, әр жанрдың өзіндік құпиясы, өзіндік айдындығын ұқтырады. «Қара өлеңнің өз болмысынан туындайтын, өзінің көркемдік-эстетикалық бітімін белгілеген, өзіндік образдар жүйесі орнықтырған, сөйтіп халықтың өмір салтымен мың сан тармақты символ, емеурін, астар, белгі, нышандар арқылы біте қайнасып жатқан тек қана өзіндік қасиет-бітімі бар» [5, 44] өлеңдер ақындар поэзиясының көркем жанры болып табылады.

Зерттеуші Т.Тебегенов «Халық ақындары – тұрмыс-салт жырларының әуелгі авторлары...», «Халық ақындары – ел әдебиетінің ежелгі замандардан бері қалыптасқан байырғы жанрларын жаңа кезеңге ұластырушылар, жаңғырған қалыпқа түсіре, түлете дамытушылар. Ақындардың шығармашылығында салтқа қатысты фольклордың тұрмыс-салт жырларындағы жекелеген жанрлары сақтала, әрі дамытыла қолданылады. Ежелгі үлгілердің жеке авторлық қолданыстарында, халық әдебиетіндегі жеке авторлық қолданыстарында халық әдебиетіндегі негізгі пішін сақталады» [1, 144, 145] – деген түйіндеуге көп мысалдарға сүйеніп жетеді. Әрқандай халықтың этнографиялық дәстүрін айқындайтын тұрмыс-салт өлең-жырларының дамуына ілкі заманнан бері ақындардың лирикалық сезімді күйіттейтін көркем сөз өнерін туғызып келгені анық. Өзбек, қарақалпақ халықтарымен етене сабақтасып, араласып жасап келе жатқан қазақтардың сөз өнері шеберлері де туған халқының және туысқан халықтардың дәстүрлі фольклоры мен дербес әдебиетінде өрбіген шығармаларға қолын созып, дербес шығармашылығын дамытуына мүмкіндік алып отырған. Қайролла (1907-1987) «Той бастар-1», «Той бастар-2», «Беташарды» дамыта, түрлендірсе, өскен ортасына сай көмкерген. Ақын «Той бастар-1»де:

Белгілі бұл қазаққа тілдің желі,  
Той қылдық жұрт жиналған мерекелі.  
Сәрсенбі сәтті күні той қылыпсыз,  
Тойыңыз тойға ұлассын берекелі.

Шығады әдемі сөз айтсам менен,  
Жиналар той дегенде жігіт-желен,  
Жігіттер сүндет ету, тойды беру,  
Ежелгі елдің салты ата-енеден.

Халықтың тарихи-этнографиялық ерекшелігі ұлттық өзіндігін танытады. Ақын лирикалық ой-сезімін, арман тілегін, мүдделі мақсатын халқына, оның бір бөлшегі жаңа отау тігушіге, әрі соны қолдаушыға арнай келіп, құттықтау, оғаң жақсы тілек тілеу арқылы өзінің «МЕНИҢ» танытады. Лирикалық қаһармандыққа көтеріледі. Лирикалық қаһарман ұлттың жақсы күндік өлшемі – ақын танылады.

«Той бастар өлеңінің композициялық құрылымы көбінесе, мынадай болып келеді; бірінші – той иелеріне құттықтау, тілек арнау; екіншісі – қалыңдық пен күйеу жігітке бақытты ғұмыр, отбасылық татулық тілеу; үшіншісі – қатысушы халық пен той иелерінің тілектерін ұштастыра жырлау; төртіншісі – тойға қатысушы қауымның белсенді жанашырлық қызметін талап ету, бесінші – ақынның өзінің тілеулестік көңілінің тазалығын даралай, айқындай жырлауы» арқылы [1,147] той бастарды көмкерген. Қайролланың «Той бастар-2» шығармасында ақындық өнерін бағалап, той бастар айтушы бұрынғы дәстүрлі тармақ аясында қалмайтын сөз өнері иелігін танытады.

Екпіндесем кетермін,

Ақ бөкендей ормалап,  
Тұяғым тайпыл сұрғылмын,  
Тауысқан топты жорғалап,  
Мен байрақты жүйрік саңлағың...

Той бастарды жырлаушы, шығарушы ақындар өз басын, ақындық қуатын жырлаушы болып көрініп және батагөй абыздығын да танытады.

Құдайым төрт түлікке толықтырсын,  
Қазынаң бақытпенен толып тұрсын.

Үйлену тойларына қатысты өлең сөздері Қайролла шығармашылығының бір діңгегі, ол «беташар» сөзін дәстүрлі сөздер аясында дербес шығарған. Субъективтік жан-дүниесін «Той бастар» секілді мұнда да беташар тармағына ораған.

Таудай аққан бұлақтай,  
Ылдиға құйған ақтарып.  
Алдымда тұрған келіннің,  
Бетін ашып тасталық.

Ұлы М.О.Әуезов: «Әдет-ғұрып заңдарым бас-басына санап көрсету жағынан «Беташар» орыстың «Домострой» атты көне өленіне ұқсас. Бірақ қазақ өлеңінде бәрі де келінге арналып айтылады» [6,42] – деген, Қайролла «Беташары» ұлы ғалым пікіріне үндес.

Жанрлық жағынан «Беташар» әуелі жыршылар, жыраулар, ақындар сол той үстінде суырып салмалық (импровизациялық) жағдайда шығарып, сол сәтінен бастап бірден халықтық, ауызшалық, фольклорлық сипат алатын жанр [1,149] екенін көреміз. Оның алғашқы шығармалары авторлық ақындық поэзия қатарында өзге лирикалық-эпикалық шығармашылығы қатарынан орын алады. Сөйтіп халықтық, этнографиялық, табиғи қалпын танытады, мәдениеттік қағидаларын түсіндіреді.

Аймақтағы Жұмағали Сағынбаев, Сейдәлі Жұмабекұлы (1839-1928), Тілеумағамбет Аманжолұлы (1860-1935), Қайролла Иманғалиев айтыс жанрында сәтті шығармашылыққа ие.

С.Мұқанов: «Айтыс – халық өнерін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі» [7, 9] десе, М.О.Әуезов: «Қай мазмұнға арнап айтса да, жеке ақындар айтысында ең алдымен айтыстың бас геройы – ақындардың өздері туралы сөз қозғалады» [8, 24] – деген. Айтыстың болған кезіндегі нұсқалары соңғы ұрпаққа жеткенше басылым көрмегендігінен өңделу заңына ие болғандықтан фольклорға, ал субъективтік көзқарасын дәуірге сай баяндауымен әдебиеттен орын тебеді. Е.Ысмайлов «Ақын өмір шындығының маңызды, түйінді оқиғаларын алып жырлайды, бүгінгі өмірдің керегінен алыс, бұлдыр дүниеге қиял ермегіне кетпейді, жазба әдебиеттен оқып, тындап отырып, өлең-жырды идеялық-көркемдік жағынан мінез етіп айтуға тырысады» [9, 37] деген. Шындығында да айтыс жанры дәуірге сай байитын, жаңғыратын, идеялық көркемдігі кемелденетін жанр.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары айтысы жанрын тақырыбы бойынша үш жүйеде қарастыруға болады. Оның бірі – қазақ, қарақалпақ ақындары айтысы. Оны зерттеуші К.Алламбергенов «Дослық айтыстары» деп атаса, Т.Тебегенов «Еларалық-ұлтаралық» [10, 72-99] айтыстар [1, 249-284] деп атап, «Күнқожа мен Шернияз ақын айтысын», «Әжінияз бен Қыз Меңеш айтысын», «Әжінияз бен Ырысты айтысын», «Мансүр мен Дәменің айтысын», «Құлым мен Тынымның айтысын», «Алтын мен Сендәлінің айтысын» зерттеу өріміне екеуі де қосқан. Мұндай айтыстар қазақ-қарақалпақ әдеби байланысын жарқырата түседі. Екі зерттеуші де «Сейдәлі мен Алтын

айтысын» туындатқан Сейдәліні қазақстандық, Алтынды қарақалпақ қызы сипатында дәлелдеген. Шынында Сейдәлі де, Алтын да Қарақалпақ елінде, оның Қоңырат, Мойнақ аудандары атырабында өмір сүрген ақындар. Достық айтысына Қазақбай, Аббаз, Жұмағалилардың сұрақ-жауап айтыстарын да қосуға болады. Екіншісі, жергілікті жердегі қазақ ақындарының өзара айтысы мен қарақалпақ аймағынан тыс, қазақ жерінде жасаған ақындармен айтысы. Екіншінің алғашқысына «Тілеумағамбет пен Жақсылықтың жұмбақ айтысын» және соңғысына «Тілеумағамбет пен адай ақынның айтысын», «Сейдәлі мен Бәйім айтысын», «Сейдәлі мен Ділданың айтысын» атауға болады. Үшіншісі, қарақалпақ аймағында айтыс өнері бетпе-бет айтыстық күйі бәсең тартқанда, болмаған айтысты болды қылып, жеке ақындардың дербес өзінің айтысы қылып шығаруы бар. Оған Қайролланың «Жұмбақ айтысын» атаймыз.

Сынамақ ақындарға әдет болса,  
Сол үшін сізді мен де сынамақпын.  
Сынауым жұмбақ айтып, сұрау бермек,  
Сұрауды бермей қайтып кете алмаспын –

деп, ақын інісіне 16 жұмбақ, сұрақ қояды. Інісі шеше алмайды. Өзі шешіп өлеңмен тарқатып береді.

Ұлы ағартушы А.Байтұрсыновтың «Айтыс бастапқы кезде шын екі ақынның айтысқаны болса да, соңғы кезде айтысты ақындар өз атынан шығаратын болған» [4, 227] – деген данышпандық пікірін Қайролланың «Жұмбақ айтысы» растайды.

Ақындық айтыстың жанрлық сипатын танытуға, өзіндік ақындық беделін айқындауға бар талантын жұмсайды. Ақын айтыс арқылы дәуірінің көзқарасын, ойлау процесі мен ой қорыту алғырлығын да танытады. Шығармашылық таланты өлшемінде де көрінеді. Осы салада жергілікті қазақ ақындары жанрдың жанрлық табиғатын танытуға, сипаттауға, жанрдың тірі процесс екенін көрсетуге үлесін қоса білді.

Тарихи жыр – қарақалпақ аймағында жасаған халықтардың ақын-шайыр-жырау шығармашылығына тән, ортақ тақырып. Халық басына түскен мүшкіл халді баяндау арқылы жан сезім дүниесін соңғы ұрпаққа да, өз кезін айқындаумен суреттеген, оған өзіндік көзқарасын білдірген. Қалмақ шапқыншылығы, түрікмен тонаушылығы, хандардың әділетсіздігі саясатын мүсіндеуде ақындар көптеген өлең жырлар шығарған. Ондай тақырыпқа Тілеумағамбеттің «Асау-Барақ», «Асқар батыр», «Ермағамбет батырдың қиссасы», «Марқабай мен Өтешбай батыр жыры» және Жақып ақынның «Құлназар» дастандары шықты. Аталған шығармалардың шығарылуына тарихи оқиғалар басты себепші болса, екіншіден, жергілікті жерде болған тарихи жырлардың шығуына қарақалпақтың «Бір алапат заман болды», «Залым Яумыт», «Яранлар», «Қоңырат легендасы» [11, 394-395, 401-406] атты тарихи қосықтары мен ұлы Әжініяздың «Бозатау» [12, 35-38] тақырыбында жазған әйгілі поэмасының ықпал-әсері тигендігі айқын. Тарихи оқиға тарихи жанрдың пайда болуына, оның дамуына негіз болады.

Академик Р.Бердібаев «Тарихи өлеңнің ерекше мәнділігі сол – мұнда өткен заман оқиғаларының ешбір өзге ресми жазбаларда немесе аңыздарда да табылмайтын соны деректері мен сырларын жария ете алады» [13,192], – дейді. Ұлағатты ғалым сонау Орхон-Енесей ескерткіштерімен XX ғасыр кезеңінде шыққан тарихи жырлар дамуын пайымдай келіп жоғарыдағы пікірін түйіндеген.

«Тарихи оқиғаларды, аңыздарды эпикалық дәстүрмен насихаттау ниетімен туған жырлар өз алдыма бір сала. Бұларда тарихи істердің желісі сақталып, негізгі белес оқиғалар, белгілі адамдар сөз болып отырады» [13, 198]. Тілеумағамбеттің «Асау-Барағы» Жоңғар шапқыншылығына байланысты тәриптесе, Асқар, Ермағамбет, Марқабай, Өтешбам, Жақыптың «Құлназары», Әжінияздың «Бозатауы» түркімен шапқыншылығына қарсы күрескендер. Авторлық тарихи жырлар ақынның дүниетанымы мен көзқарасына, көркемдік қабылдауларына, ақындық шабытына, оқиғаны жан дүниесімен қабылдап, қаныма сіңіріп, туындыгерлік шығару тәжірибесіне тәуелді. Ақындардың тарихи жырлары осы аймақтағы халықтар достығын бекемдеуге негіз салады, әрі солай халықты тәрбиелей алады.

Ақындар авторлық тарихи жырлар қабатында эпостық шығармаларды да дамытып жырлады. Тілеумағамбет «Қобланды батыр» жырын жырлап, өзіндік вариантын туғызды. Жақып «Минахорды» өнер туындысына жеткізді. Олар эпостық жанрды байытты.

Шежіре жазу, шежіре жыр шығару ақындар поэзиясына тән құбылыстардың бірі. Халықтық көркемдік мәдениетін танытатын, ата текті түсіндіретін, тарихи өткенімізді жылнамалық күйде ұғындыратын Захир ад-дин Бабырдың «Бабырнамасы», Мұхаммед Хамдар Дулатидың «Тарихи Рашиди», Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы» [14, 202-422], Абылғазы Баһадырханның «Түркілер шежіресі» [15], «Моңғолдың құпия шежіресі» [16], Лувсанданзанның «Алтын шежіресі» [17], Зайыр Сәдібековтың «Қазақ шежіресі» [18], Бердақтың «Шежіре» [19, 147-184] шығармалары құны түспейтін мұралар. Шежіре жанрына қарақалпақтың қазақ ақындары да үлесін қосты. Қайролла бұл тақырыпқа «Шежіре жыр», «Өлең шежіре», «Туыс шежіре өлең» туындыларын шығарып, шежіре жанрын толықтыра түсті. Профессор К.Мәмбетов «Қарақалпақтар шежіресі» зерттеуінде шежіре негізінен үш баптан ібарат болып, «Адам-атадан Түрік қағанға шекем», «Түрік қағаннан Шыңғысханға шекем», «Шыңғысханнан түрік халықтарының бөлінуіне шекем» – деп, айтып келеді де, «соңынан әрбір халық өз шежіресін бастайды» [20,4] – деген еді. Қайролла шежірелері де ғалым топтаған тақырыптар төңірегінен көрінеді.

Ұлы Ш.Уәлиханов «Қазақ немесе алаш елінің о бастағы шығар тегі қайдан деген сұраққа, халық арасындағы жыр дастандардан қанағаттанарлық тәп-тәуір түсінік алуға болады» [21, 111] деген. Әсіресе мұндай «тәп-тәуір түсінік» алты алаш жайлы, оның ішінде қазақ пен қарақалпақтың бір туыстығын мәлімдейтін сөздері құптарлық. Ұлы Бердақ «Шежіресінде»:

Әнес, Мәлік екки киси,  
Пайғамбардың саһабасы,  
Әнес – қазақтың бабасы,  
Шұндын «алаш» болған екен.  
Мәликтің ұғлы – Разыхак,  
Яшлығында қойды ғұлпак,  
Киген екен қара қалпак,  
Шұндын «Қалпак» болған екен [19,147]

десе, қос халықтың туыстығына, алты алашқа Қайролла да туыс шежіресінде терең мән берген. «Бір туған, қырғыз, қалпак, қазақпенен», «Алты алаш, бірі түрікмен, бірі өзбек, үшінші қазақ, естек, қырғыз, қалпак» – деп туыстық түбін баяндайды.

Академик З.Қабдолов «Әрбір көркем шығарманың барлық жанрлық ерекшеліктері сол шығарманы жазған автордың қаламгерлік ерекшеліктеріне

тәуелді екенін ескеру керек» [2,294] деген қағидалы сөзін ұсынады. Ақындардың таланты қабілетінен де осы жайды аңғаруға болады.

**Қорытынды.** Сайып келгенде ақындар өздерінің тұлғасын, отбасын, ата-тегін, әлеуметтік және этникалық ортасын айта отырып, дербес қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық көзқарасын танытады. Автордың осындай сипаттауларынан оның дүниетаным өрісін, өзі өмір сүріп отырған заманының шындығы, адамдардың әлеуметтік тұрмыстық қарым-қатынастар аясындағы мінез-құлықтары бәрі де ақындық сезім түйсігі қорытыла бағаланады [1, 64]. Қарақалпақ аймағындағы ақындардың тақырыптық, жанрлық дамуы, олардың шығармаларының сипатын айқындайды.

Аймақ көлемінде, соның ішінде дүниеде еш орыннан кездеспейтін қарақалпақ аймағында өмір сүріп жатқан қазақ, қарақалпақ, өзбек, түркімен халықтарының поэзиясын жоғарыдағыдай тектес күйде салыстырмалы әдісімен қарастыра, зерделей түссек, бір аймақта жасаған халықтар шығарған шығармашылықты, әдеби байланысты айқындауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Тебегенов, Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі [Мәтін] / Т. Тебегенов. – Алматы: Білім, 2001. – 150 б.
2. Қабдолов, З. Сөз өнері [Мәтін] / З. Қабдолов. – Алматы: Санат, 2002. – 260б.
3. Омарұлы, Б. Зар заман поэзиясы [Мәтін] / Б. Омарұлы. – Алматы: Білім, 2000. – 305 б.
4. Байтұрсынов, А. Шығармалары [Мәтін] / А. Байтұрсынов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 168 б.
5. Мың бір маржан. (Қара өлең табиғаты) [Мәтін] / Құрастырушы А. Сейдімбеков. – Алматы: Өнер, 1989. – 290б.
6. Әуезов, М. Уақыт және әдебиет [Мәтін] / М. Әуезов. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 185б.
7. Мұқанов, С. Айтыс туралы [Мәтін]. «Айтыс» кітабы. 1-том / С. Мұқанов. – Алматы: Жазушы, 1965. – 395 б.
8. Әуезов, М. Айтыс өлеңдері [Мәтін]. «Айтыс» кітабы. 2-том / М. Әуезов. – Алматы: Жазушы, 1965. – 310б.
9. Исмайлов, Е. Ақындар [Мәтін] / Е. Исмайлов. – Алматы: Жазушы, 1956. – 280б.
10. Алламбергенов, К. Қарақалпақ әдебиятында айтыс [Мәтін] / К. Алламбергенов. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1969. – 305б.
11. Қарақалпақ фольклоры [Мәтін]. XX томдық. V том. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1980. – 496 б.
12. Әжинияз [Мәтін]. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1975. – 160 б.
13. Бердібаев, Р. Қазақ эпосы [Мәтін] / Р. Бердібаев. – Алматы: Ғылым, 1982. – 330 б.
14. Қазақ прозасы [Мәтін]. Хрестоматия. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 2001. – 392 б.
15. Абылғазы. Түркілер шежіресі [Мәтін] / Абылғазы. – Нөкіс: Билим, 1994. – 265 б.
16. Моңғолдың құпия шежіресі [Мәтін]. – Алматы: Өнер, 1994. – 188 б.
17. Лувсан Данзан. Алтын шежіре [Мәтін]: (Шыңғыс хан қағанатының көне-түркі-моңғол тайпаларының тарихы) / Лувсан Данзан. – Алматы: Өнер, 1998. – 460 б.
18. Сәдібеков, З. Қазақ шежіресі [Мәтін] / З. Сәдібеков. – Тошкент: Узбекистон, 1994. – 378 б.
19. Бердақ. Таңдамалы шығармаларының жинағы [Мәтін] / Бердақ. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1977. – 455 б.

20. Мәмбетов, К. Қарақалпақлар шежиреси [Мәтін] / К. Мәмбетов. – Нөкіс: Билим, 1993. – 287 б.
21. Уәлиханов, Ш. Таңдамалы [Мәтін] / Ш. Уәлиханов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 285 б.

*Мақала редакцияға 23.22 түсті.*

**Т. Тортқұлбаева**

*Нокисский государственный педагогический институт имени Ажинияза,  
Нокис, Республика Каракалпакстан*

#### **ЖАНРОВАЯ ОСОБЕННОСТЬ КАЗАХСКИХ ПОЭТОВ КАРАКАЛПАКСТАНА**

**Аннотация.** Со второй половины XIX века в Каракалпакском регионе существовали мастера слова, известные своим творчеством и поэзией. Поэты, жырау, мастера слова, сказители, киссаханы пропагандировали и развивали устные, письменные произведения литературы. Они проявили оригинальность, преобразуя терме, толгау, генеалогию айтыса.

**Ключевые слова:** поэт, жырау, мастера слова, терме, толгау, айтыс, жанр, пропаганда, литература.

**Tursynay Tortkulbaeva**

*Nokissky State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz,  
Nokis, Republic of Karakalpakstan*

#### **FEATURES OF THE GENRE OF THE WORK OF KAZAKH POETS OF KARAKALPAKSTAN**

**Abstract.** Since the second half of the 19th century, masters of the word, known for their creativity and poetry, existed in the Karakalpak region. Poets, zhyrau, masters of the word, storytellers, kissakhans promoted and developed oral and written works of literature. They showed originality by transforming terme, tolgau, genealogy of aitys.

**Key words:** poet, zhyrau, word masters, terme, tolgau, aitys, genre, propaganda, literature.

#### **References**

1. Tebegenov T. Xalıq aqındarı ıǵarmalarındaǵı ädebïet pen folklor dästüri [The tradition of literature and folklore in the works of folk poets]. - Almaty: Education, 2001. - 150 p.
2. Kabdolov Z. Söz öneri [Art of speech]. - Almaty: Sanat, 2002. - 260 p.
3. Omaruly B. Zar zaman poéziyası [Zar Zaman poetry]. - Almaty: Education, 2000. - 305 p.
4. Baitursynov A. Şıǵarmaları [ Works]. - Almaty: Writer, 1989. - 168 p.
5. Mıñ bir marjan. (Qara öleñ tabıǵatı) [One thousand and one pearls]. (The nature of a black poem). - Almaty: Art, 1989. - 290 p.
6. Auezov M. Waqıt jäne ädebïet [Time and literature]. - Almaty: KMKAEB, 1962. - 185 p.
7. Mukanov S. Aytıs twralı [About saying]. - Almaty: Writer, 1965. - 395 p.
8. Auezov M. Aytıs öleñderi [Aytıs poems]. - Almaty: Writer, 1965. - 310 p.
9. Ismailov E. Aqındar [Poets]. - Almaty: Writer, 1956. - 280 p.
10. Allambergenov K. Qaraqalpaq ädebïyatında aytıs [Argument in Karakalpak literature]. - Nokis: Karakalpakstan, 1969. - 305 p.

11. Qaraqalpaq folklorı [Karakalpak folklore]. - Nokis: Karakalpakstan, 1980. - 496 p.
12. Äjiniyaz [Ajiniyaz]. - Nokis: Karakalpakstan, 1975. - 160 p.
13. Berdybayev R. Qazaq éposı [Kazakh epic]. - Almaty: Science, 1982. - 330 p.
14. Qazaq prozası [Kazakh prose]. Chrestomat. Book 1. - Almaty: Science, 2001. - 392 p.
15. Abylgazi. Türkler şejiresi [History of the Turks]. - Nokis: Education, 1994. - 265 p.
16. Moñgoldiñ qupıya şejiresi [Secret Chronicle of Mongolia]. - Almaty: Art, 1994. - 188 p.
17. Luvsan Danzan. Altın şejiire [Golden Chronicle]. - Almaty: Art, 1998. - 460 p.
18. Sadibekov 3. Qazaq şejiresi [Kazakh Chronicle]. - Tashkent: Uzbekistan, 1994. - 378 p.
19. Berdak. Tañdamalı şığarmalarınıñ jınaǵı [Collection of selected works]. - Nokis: Karakalpakstan, 1977. - 455 p.
20. Mambetov K. Qaraqalpaqlar şejiresi [Chronicles of Karakalpaks]. - Nokis: Education, 1993. - 287 p.
21. Valikhanov Sh. Tañdamalı [Selected] . - Almaty: Writer, 1985. - 285 p.